

DOI 10.54596/2958-0048-2025-3-77-86

ӨОЖ 372.8

FTAMA 14.25.09

**ЗООЛОГИЯЛЫҚ АТАУЛАРДЫҢ ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ
САБАҚТАРЫНДА АЛАТЫН ОРНЫ ЖӘНЕ ОЛАРДЫ ОҚЫТУДЫҢ
ИННОВАЦИЯЛЫҚ ЖОЛДАРЫ**

Кудыкенова Ж.М.^{1*}, Омарова Б.С.²

^{1*} «М. Жұмабаев атындағы жоғары колледж» КМҚК, Петропавл, Қазақстан

^{*}Хат-хабар үшін автор: zhuldus.kz@mail.ru

Аңдатпа

Бұл мақалада қазақ тілі мен әдебиетінің оқу процесінде зоологиялық атаулардың қолданылуының маңызы мен олардың студенттердің тілдік білігін дамытуға тигізетін әсері қарастырылады. Зоологиялық атауларды оқу процесіне енгізудің түрлі әдіс-тәсілдері мен инновациялық оқыту жолдары талқыланады. Студенттердің табиғаттың алуан түрлі тіршілік иелерін тану арқылы олардың әлемге деген қызығушылықтарын арттырып, табиғатқа деген сүйіспеншілік қалыптастырудың қажеттілігін атап өтеді. Сонымен қатар, зоологиялық атауларды тиімді оқыту арқылы студенттердің тіл байлығын, сөздік қорын кеңейту және ғылыми терминдерді дұрыс қолдану дағдыларын дамытуға болады.

Инновациялық тәсілдер ретінде ақпараттық технологияларды қолдану, интерактивті әдістер мен түрлі мультимедиялық құралдар арқылы зоологиялық атауларды оқыту жолдары ұсынылады.

Мақала қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында зоологиялық атаулардың оқытылу тәсілдерін жетілдіру қажеттілігін негіздеп, заманауи білім беру жүйесінде тың шешімдер ұсынады.

Кілт сөздер: зоологиялық атаулар, оқыту, белсенді әдіс-тәсілдер, тиімді платформалар, зерттеу, тапсырмалар.

**ЗООЛОГИЧЕСКИЕ ТЕРМИНЫ В КАЗАХСКОМ ЯЗЫКЕ И ЛИТЕРАТУРЕ:
ИХ РОЛЬ И ИННОВАЦИОННЫЕ МЕТОДЫ ОБУЧЕНИЯ**

Кудыкенова Ж.М.^{1*}, Омарова Б.С.²

^{1*} КГКП «Высший колледж имени М. Жумабаева», Петропавловск, Казахстан

^{*}Автор для корреспонденции: zhuldus.kz@mail.ru

Аннотация

В данной статье рассматривается значение применения зоологических названий в учебном процессе казахского языка и литературы и их влияние на развитие языковых навыков студентов. Обсуждаются различные методы и способы внедрения зоологических названий в учебный процесс и пути инновационного обучения. Подчеркивает необходимость воспитания у студентов любви к природе, повышения их интереса к миру через признание различных обитателей природы. Кроме того, путем эффективного обучения зоологическим названиям можно развивать навыки студентов по расширению языкового богатства, словарного запаса и правильному использованию научных терминов.

В качестве инновационных подходов предлагается применение информационных технологий, обучение зоологическим названиям посредством интерактивных методов и различных мультимедийных средств.

Статья предлагает новые решения в современной системе образования, обосновывая необходимость совершенствования способов преподавания зоологических названий на уроках казахского языка и литературы.

Ключевые слова: зоологические названия, обучение, активные подходы, эффективные платформы, исследования, задания.

ZOOLOGICAL TERMS IN KAZAKH LANGUAGE AND LITERATURE: THEIR ROLE AND INNOVATIVE TEACHING METHODS

Kudykenova Zh.M.^{1*}, Omarova B.S.²

^{1*}KGKP «Higher College named after M. Zhumabaev», Petropavlovsk, Kazakhstan

^{*}Corresponding author: zhuldus.kz@mail.ru

Abstract

This article examines the importance of the use of zoological names in the educational process of the Kazakh language and literature and their impact on the development of students' language skills. Various methods and ways of introducing zoological names into the educational process and ways of innovative learning are discussed. Emphasizes the need to instill in students a love of nature, to increase their interest in the world through the recognition of various inhabitants of nature. In addition, by effectively teaching zoological names, students' skills in expanding language richness, vocabulary and the correct use of scientific terms can be developed.

As innovative approaches, the use of information technologies, teaching zoological names through interactive methods and various multimedia means is proposed.

The article offers new solutions in the modern education system, justifying the need to improve the ways of teaching zoological names in the lessons of the Kazakh language and literature

Keywords: zoological names, training, active approaches, effective platforms, research, assignments.

Кіріспе

Өзектілігі

Бүгінгі күнде айналамыздағы көптеген аң-құстарды қалай атау керек екенін біле бермейді екенбіз. Оның өзіндік себептері де бар. Біріншіден, қазақ жұртының мал шаруашылығы өмірінен алыстай бастауы мен қолдағы шаруашылықта тек қазаққа таныс төрт түлікті атап, жабайы аң-құс атаулары ұмытыла бастады. Екіншіден, атадан балаға мирас болып қалатын біз біле бермейтін атаулардың қолданыс аясы тарылды, яғни аңшылық, құсбегілікке деген қызығушылық қарқын алмады. Үшіншіден, оқулықтарда аң-құс атаулары тереңірек берілмейді. Қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында зоологиялық атаулардың маңызы өте жоғары. Студенттердің тілдік қорын байыту, сөздік тәжірибесін кеңейту, табиғатқа деген қызығушылықты ояту мен эстетикалық тәрбие беру тұрғысынан бұл атаулар маңызды рөл атқарады. Ендеше, аң-құс атауларын, аталығын, аналығын, төлдері мен балапандарының атаулары өзекті тақырып болып табылады.

Зерттеу мақсаты – зоологиялық атаулардың қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарындағы рөлін анықтау және оқытудың инновациялық тәсілдерін талдап, оқу процесіне енгізу мүмкіндіктерін қарастыру. Сонымен қатар, зоологиялық атаулар арқылы студенттердің тілдік және ғылыми сауаттылығын арттыру жолдарын ұсыну.

Міндеттері:

1. Зоологиялық атаулардың қазақ тілі мен әдебиетінде алатын орнын анықтау.
2. Зоологиялық атауларды оқыту барысында кездесетін қиындықтар мен мәселелерді талдау.
3. Инновациялық әдіс-тәсілдер мен технологияларды қолдана отырып, зоологиялық атауларды тиімді оқытудың жолдарын зерттеу.
4. Студенттердің зоология саласындағы білімін жетілдіру үшін қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында зоологиялық терминдерді қолданудың артықшылықтарын көрсету.
5. Зоологиялық атауларды үйретуде заманауи акпараттық және мультимедиялық құралдарды қолдану тәсілдерін зерттеу.

Зерттеуде қолданылған әдістер: саралау, талдау, салыстыру, жүйелеу.

Материалдар мен зерттеу әдістері

Қазақ халқының көшпелі өмір салты сан ғасырлар бойы табиғатпен етене танысуына мүмкіндік бергенін білеміз. Осының нәтижесінде аң-құстардың тіршілік тынысын, олардың бір-бірінен айырмашылығын, мекен орнын, пайдасы мен зиянын ажырата білген. Олардың аталық, аналық және ұрпақтарын жеке атаумен атап, әрқайсысына ерекше мән берген.

Жабайы жануарлардың ана тіліміздегі көне атауларын Махмұд Қашқари, Өтейбайдақ Тілеуқабылұлы, Сапарғали Бегалин, Мұзафар Әлімбаев, Балғабек Қыдырбекұлы, Акселеу Сейдімбекұлы, Аюбай Құралұлы және т.б. ғалымдар мен ақын-жазушылар айтқан. Соңғы жылдары зоологиялық атауларға қатысты бірнеше зерттеу еңбектер жарық көрді. А. Қайырбекова: «Қазақ тіліндегі зоонимдердің этнолингвистикалық сипаты» атты еңбегінде жануар атауларының ұлттық дүниетанымдағы орны мен мағынасын талдайды. Г. Смағұлова: «Қазақ тіліндегі зоонимдердің лингвомәдени аспектілері» зерттеуінде жануар атауларының мәдени және тілдік ерекшеліктерін қарастырады. Н. Төрекұлова: «Қазақ фразеологиясындағы зоонимдердің этномәдени негіздері» еңбегінде халық ауыз әдебиетіндегі жануар атауларының мағыналық ерекшеліктеріне тоқталады. Бұл зерттеулер зоологиялық атаулардың тілдік, мәдени және этнолингвистикалық қырларын тереңірек түсінуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар, кейбір мерзімдік баспасөз беттерінде аң-құстардың көне ұлттық атаулары бұрмаланып беріліп жүруі жиі байқалады. Мысалы, "Көктем келді", "Ләйлек", "Қар барысы", "Жарқанат қандай құс?" т.б. деп жазу белең алып келеді. Халқымыз көктемнің жыл маусымдарының ішіндегі өзіне тән ерекшелігін мұқият ескере отырып, "Көктем туды" деп атауы табиғат құбылыстарына аса байқампаздықпен назар аударғандығын білдіреді. "Ләйлек" деген жыл құсын халқымыз ежелден "дегелек" деп атағандығын мынадай сөз тіркестерінен айқын байқауға болады. "Дегелек келді, жаз болды, бала-шаға мәз болды", немесе "Жылқының жауы – бөгелек, жыланның жауы – дегелек", "Аспанда ұшса дегелек, ордалы жылан тығылар" деген ұғымдар дегелектің өзіне ғана тән ерекшеліктерін нақты аңғартып тұрғандығын байқауға болады. "Қар барысы" деген атау барыстың немесе ілбістің орысшадан тікелей көшірме аударма атауы. Заңғар таулардың шың-құздарын мекен ететін бұл аңның ежелгі атауы "ілбіс" немесе "барыс" екендігіне ешкім де дауласа алмас деп ойлаймыз. Тіліміздегі "барыс" атауы сол аңның еркегінің атауы екендігін "таутанын тастап барыс ат, тон-ішікке жарайды" деген сөз тіркестерінен аңғаруға болады. Барыстың ұрғашысы (аналығы) – "таутан", ал оның күшігі – "алан" деп аталатынына да дәйекті дәлелдемелер ана тілімізде сақталған. Мысалы, "Таутанның алма аланын, кесіріне жолығарсың балаңның" деген мәтел бостан-босқа айтылмаған. Кейде баспа беттерінде бұғы және марал деп екі түрлі жануар ретінде жазу да кездесіп қалады. Бұл екі атау сөздің "бұғы" атауы сол жануардың еркегінің, ал "марал" дегені ұрғашысының атауы, оның төлі – "қодық" деп аталады. Сондықтан да, "бұғының мойын жуары" деген ұғым тек сол аңның еркегіне қатысты айтылады. Осыған орай, "марал шаруашылығы" емес, "бұғы шаруашылығы" деп жазу керек. Ата-бабаларымыз кейбір аң-құстарды киелі, қасиетті деп санаған, немесе кесірі тиеді, не киесі ұрады деп есептеген. Мысалы, жыланды – қыбыр, ұзынкұрт, түймебас, т.б. деп, ал қасқырды – итқұс, бөрі, ұлыма, т.б. деп атаған. Ежелден қазақ аңшылары мен саяткерлері арасында аңдар төлдеген кезде, құстар жұмыртқалап жатқанда, балықтар уылдырық шашқанда оларды ауламайтын салт-дәстүр қалыптасқан. Мұның өзі аң-құстарға деген үлкен қамқорлықты көрсетеді. Аң-құстарды кең байтақ еліміздің әрбір облыстарында жергілікті атаумен атай беру де кездеседі. Мысалы, аққуды – ақ шандоз,

жираф – керік, мысықтың баласы – шаған, т.б. Бұдан 5 ғасыр бұрын жазылған Өтейбойдақ Тілеуқабылұлының "Шипагерлік баян" атты шығармасында кездесетін жануар атаулары да қазіргіден өзгеше. Мысалы, тышқан – сумақы, сиыр – маңғаз, барыс – айбар, жылқы – тұлпар, т.б. Қазіргі кезде аңдардың көне атаулары мүлде ұмытыла бастаған (мыс., жұпар жылан, таутайлақ, манқұс, құртқа, мәлике, т.б.). Аң-құстардың көне атаулары ұлттық фольклорда, ауыз әдебиетінде, мақал-мәтелдерде жақсы сақталған. Мысалы, "Борақты ұрсаң тұмсықтан, тез өледі шымшықтан", "Таутанның алма аланын, кесіріне жолығарсың балаңның", т.б. Жолбарыс – халық ертегілерінде, аңыздарда «жолбарыс» деп қана қоймай, «албастының мінгені», «тау ішіндегі арланы» деп бейнеленіп, батырларға қарсы тұрған қаһарлы аң ретінде сипатталады. Арыстан – көне жырларда «хан аң», «аң патшасы», «дала арыстаны» деп аталып, батырдың күші мен ерлігін сипаттауда қолданылған. Қасқыр – халық әдебиетінде «бөрі», «көкжал», «жортуылшы» сияқты атаулармен беріліп, батырлық пен еркіндіктің символы ретінде суреттеледі. Мысалы, «Көк бөрі» – Түркі халықтарының тотемі. Түйе – мақал-мәтелдерде «жүк көрген нар», «нарға жүк ауыр болмас» деген тіркестермен беріледі. Ертегілерде – «сабырлы, салмақты» бейне. Аю – кей ертегілерде «қара күш иесі», «қоңыр аң» деп беріліп, көбіне ақымақ, аңғал бейнемен суреттеледі. Қарға – «қара құс», «жаманаттың хабаршысы» ретінде бейнеленіп, көне жырларда символикалық мағынада кездеседі. Тұлпар – жай ғана ат емес, «қанатты ат», «желден жүйрік» деген көне эпостарда батырдың сенімді серігі ретінде берілген.

Мұндай ұмытылған атауларды пайдалану – тіл байлығымызды молайта түспек.

Аталықтарының аталуы:

Қандағай-бұланның бұқасы. Андағай-бөкеннің бұқасы (бұл шашылып шапқылайтын аң екен).

Абадан, арлан-қасқырдың еркегі. Сұғын бұғының бұқасы (қазақ қадала қарағанды "сұғын қадап" дейді). Істі, мәнжу-аюдың еркегі. Сырттан-арыстанның еркегі. Қабан - доңыздың еркегі. Шәулі-бүркіттің еркегі. Кежек-үйректің еркегі. Борақ – еркек борсық.

Аналықтың атаулары:

Мауыр-піл ұрғашысы. Машы-есектің ұрғашысы. Кірекей-аюдың ұрғашысы. Қаншыр-арыстанның ұрғашысы. Таутан-барыстың ұрғашысы. Мелике-жыланның ұрғашысы. Ұябасар-ұрғашы бүркіт. Қаншық-иттің ұрғашысы.

Төлдерінің аталуы:

Көгілдір-аққу балапаны. Мамыр-қаздың балапаны. Абдан-арыстанның күшігі. Қонжық-аюдың күшігі. Алан-қабыланның күшігі. Бөлтірік-қасқырдың күшігі. Шөнжік - жолбарыстың күшігі. Бодық-борсықтың күшігі. Еңілік-еліктің бұзауы. Құралай-киіктің лағы. Көдек-құланның құлыны. Қодыға-маралдың бұзауы [1].

Аң-құс атауларының мағынасын этимологиялық, түсіндірме, аударма сөздіктерінде қалай берілгендігіне көңіл бөлсек:

Қыран – алғыр құстардың жалпы атауы [3, 560 б.]. Кейбір түркі тілдерінде, атап айтқанда, қырғыздарда қыран – епті, алғыр мағынасында қолданылады. Және бұл тілде тек жыртқыш құс қана емес, аңға салатын иттерге де (тазыға) айтыла береді. Сөздің алғашқы тұлғасы "қыр" болып, мағынасы – жою, құрту етістіктерімен синонимдес болуы мүмкін. Құс атауы "қырғи" да осы түбірден туындаған деуге болады. Бұл деректер бойынша "қыран бүркіт" тіркесі "епті, алғыр бүркіт" түсінігімен деңгейлес болып келеді [4, 192 б.].

Мамыр – қаздың балапаны. Мамыр – ай атауы, жайма-шуақ, баяу қозғалу, маңғаздану [3, 579 б.]. Ал түркі тілдеріндегі ортақ мағынасы – тыныш, бейбіт, берекелі

[3, 199 б.]. Сондықтан да, қаздың балапаны – мамыр деп аталуының мағынасы олардың қозғалысы, қимылына байланысты деген ой түйіндейміз.

Аю – ірі денелі икемсіз жыртқыш аң [3, 78 б.]. Ертедегі түрлі жазба ескерткіштерде: айығ-ашулы, жауыз; айын–қорқынышты, қауіпті мағыналарында кездеседі... [4, 33 б.]. Сонымен, бұл аңның атауы ерте кездерде "қорқынышты", "қауіпті", "күшті" мағынасында қолданылған екен.

Еңлік – еліктің бұзауы. Алайда, сөздіктерде аңның төлі ретінде қарастырылмаған екен. Еңлік – еңіл гүлді өсімдіктен ашытып жасалатын, ерінге, бетке жағатын бояу [2, 228 б.]. Еңлік – қыз балаға тән есім (мысалы, Еңлік-Кебек дастанындағы). Қыздарға бұл есім өсімдіктің әсерлі, әдемі бояуымен байланыстырыла қойылуы мүмкін.

Қарға – қара немесе сұр қауырсынды тамақ талғамайтын еті арам құс [3, 484 б.]. Ал қарға дегеніміз жалпы атау екен. Бұл құстың сырт-келбетіне, тіршілігіне қарай сушы қарға, ақ тұмсық қарға, көк қарға, көңқарға т.б. түрлері де баршылық [1, 238 б.].

Ендеше, аң-құс атауларын қазақ тілі оқулықтарында дұрыс көрсетіп, сол арқылы ұмытылған атауларды жанғыртсақ, ал аң-құстардың қалай үн шығаратынын да айтып кетуге болар еді. Мысалы, арыстан – ақырады, жолбарыс – гүрілдейді, түлкі – шәңкілдейді, жылан – ысылдайды, аққу-сұңқылдайды, бүркіт – шаңқылдайды, қаз – қаңқылдайды, үйрек – барқылдайды, қарға – қаңқылдайды, сауысқан – шаңқылдайды т.б.

Сонымен, біз зоологиялық атауларды ғылыми еңбектер арқылы сараладық.

Зерттеу нәтижелері

Біз қазақ тілі тілі мен әдебиеті мұғалімі бойынша оқитын студенттерге сауалнама жүргіздік.

Мақсат: студенттердің аң-құстардың аталығын, аналығын, төлі, балапанын білу деңгейін анықтау.

САУАЛНАМА СҰРАҚТАРЫ:

1. Сіз неше жастасыз? _____
2. Сіз нешінші курста оқисыз? _____
3. Мына кестеге аң-құс атауларын жазыңыз.

Кесте 1. Берілген кестені толықтырыңыз.

Аталық	Аналық	Төлі (балапаны)
Аю	Кірекей	Қонжық
Саһар	Қу	Көгілдір

Сауалнаманың қорытындысы мынандай болды: студенттердің көпшілігі төрт түлік малдың, кейбір аңдардың аталығын, аналығын, төлін жазыпты.

Осыған сәйкес біз мынадай ой түйдік: студенттер аң-құстардың жалпы атауларын ғана біледі екен.

Біз қазақ тілі мен әдебиеті оқулықтарынан кездесетін аң-құс атауларын жүйеледік. Нәтижесінде аң-құстардың жалпы атаулары көп кездесетіндігіне көз жеткіздік. Аң-құс атауларын оқытуда интерактивті әдістер мен түрлі мультимедиялық құралдар үшін тапсырмалар жүйесін жасадық. Оқу үдерісінде қолдануға болатын аң-құс атауларын және қызықты мәліметтер топтастырылған қосымша құрал құрастырдық.

Осындай жұмыстар жүргізу негізінде біз жұмыстың мәні мен қолданбалы құндылығын арттырдық.

Талқылау

Зерттеу жүргізу барысында біз аң-құс атауларын ғаламтордан, кітапханадан іздедік. Алайда, ғаламтордан аң-құс атауларын таба алмадық.

Нәтижесінде, кітаптардан азда болса, аң-құс атауларын жинақтап, аң-құстар туралы қосымша қызықты, біз білмеген, естімеген мәліметтер таптық.

Кесте 2. Зоологиялық атауларды оқытудың негізгі әдістері

Әдіс	Сипаттама	Пайдасы
Интерактивті оқыту	Видеолар, анимациялар, викториналар арқылы оқыту	Студенттің белсенділігін арттырады
Визуализация	Суреттер мен диаграммаларды қолдану	Ақпараттың есте сақталуын жақсартады
Кестелер мен сызбалар	Мазмұнды жүйелендіру үшін кесте, сызбалар қолдану	Тақырыптарды жүйелі түрде үйрету

Зоологиялық атаулардың қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында алатын орнын анықтадық.

1. Тілдік қорды байыту:

Зоологиялық атаулардың қазақ тілі мен әдебиетінде кеңінен қолданылуы оқушылардың сөздік қорын байытуға ықпал етеді. Қазіргі уақытта табиғат, жануарлар әлемі туралы ұғымдар мен атауларды терең меңгеру өте маңызды, себебі олар тек әдеби шығармаларда ғана емес, сондай-ақ күнделікті өмірде де кездеседі. Зоологиялық атаулар табиғатпен байланысын нығайтып, студенттерге жан-жақты білім беруге мүмкіндік туғызады.

2. Ғылыми және экологиялық білім беру:

Зоологиялық атаулар арқылы студенттерге жануарлар әлемі туралы ғылыми түсініктерді жүйелі түрде үйретуге болады. Студенттердің табиғатқа, қоршаған ортаға деген құрметін қалыптастыру үшін жануарлар дүниесіне қатысты атауларды енгізу маңызды. Бұл орайда экологиялық білім мен тәрбиенің негізі қаланады.

3. Қазақ әдебиетіндегі зоологиялық атаулар:

Қазақ әдебиетінде жануарлар әлемі жиі кездеседі. Мысалы, Абай Құнанбайұлының, Мұхтар Әуезовтың шығармаларында жануарлар мен табиғаттың адам өміріндегі маңызы айқын көрініс тапқан. Зоологиялық атаулар қазақ фольклорында, ертегілерде, мақал-мәтелдерде, жұмбақтар мен жаңылтпаштарда кеңінен пайдаланылады. Бұл атаулардың әдеби мәтіндердегі рөлі мен мағынасын ашу, олардың әдебиеттегі функцияларын түсіну студенттердің тілін байытып, шығармашылық қабілетін дамытуға көмектеседі.

Зоологиялық атауларды оқытудың инновациялық жолдары:

1. Интерактивті әдістерді пайдалану.

Студенттерге зоологиялық атауларды үйретудің ең тиімді тәсілдерінің бірі – интерактивті әдістерді қолдану. Мысалы, топтық жұмыс барысында студенттер зоологиялық атауларды кеспе қағаздармен сәйкестендіріп, олардың мағынасын мен қолданылуын талқылай алады. Сонымен қатар, сұрақ-жауап әдісі арқылы жануарлар әлемі мен қазақ тіліндегі зоологиялық атаулар туралы сұрақтар қойып, студенттердің белсенділігін арттыруға болады.

2. Жобалық әдіс.

Студенттерге зоологиялық атаулармен байланысты зерттеу жобаларын ұсыну олардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға ықпал етеді. Мысалы, әрбір студент өзіне таңдап алған жануардың тіршілік ету ортасы, қорегі, дауысы туралы зерттеу жүргізіп, нәтижесін сынып алдында қорғауы мүмкін. Бұл әдіс студенттерге зоологиялық атаулардың терең мәнін түсінуге және оларды шығармашылық тұрғыдан қолдануға мүмкіндік береді.

3. Цифрлық технологияларды қолдану.

Зоологиялық атауларды оқытуда қосымша құралдарды, әсіресе қазіргі замандағы цифрлық технологияларды қолдану өте тиімді. Бұл студенттерге оқу процесіне белсене қатысуға, материалды оңай әрі қызықты түрде меңгеруге мүмкіндік береді. Оқыту процесінде келесі қосымшалар мен платформаларды қолдандық: QR-код, Google Объектив, Kahoot, World Wall.

1. QR-код қолдану

QR-кодтарды оқу процесінде қолдану студенттердің зоологиялық атаулармен танысуын жеңілдетеді. Мұнда әрбір QR-код белгілі бір тақырыпқа немесе тапсырмаға сілтеме жасауы мүмкін.

Тапсырма идеялары:

- QR-код арқылы жануарлар туралы мәлімет алу. Әрбір жануарға немесе топқа арнайы QR-код қойыңыз. Студенттер QR-кодты сканерлеп, сол жануардың биологиясы, анатомиясы немесе тіршілік ортасы туралы мәліметтерге қол жеткізе алады.

- Зоология бойынша сұрақтар. QR-кодтарды пайдаланып, әртүрлі сұрақтар мен тапсырмаларды орналастыру. Студент QR-кодты сканерлеген соң, олар бірден тапсырманы шешуге кіріседі, бұл қызығушылықты арттырады.

2. Google Объектив

Google Объектив – бұл қосымша арқылы студенттер нақты жануарлардың суреттерін сканерлеп, олардың атауларын, сипаттамаларын, түрлері мен экологиялық маңыздылығын ала алады.

Тапсырма идеялары:

- Жануарлардың суретін таныстыру. Студенттер белгілі бір жануарды немесе өсімдікті көріп, Google Объективпен оны сканерлеп, ақпарат алады. Бұл әдіс көрнекілікті арттырады және терминдерді есте сақтауға көмектеседі.

- Өзіндік зерттеу. Студенттерге жануарлардың суреттері беріледі, олар өздігінен Google Объективті пайдаланып, атаулар мен сипаттамаларды табады.

3. Kahoot

Kahoot – бұл интерактивті викторина мен ойындар үшін танымал платформа. Студенттер зоология бойынша тест тапсырмаларын орындау арқылы білімдерін тексереді.

Тапсырма идеялары:

- Зоология бойынша викториналар. Kahoot платформасында зоологиялық атауларды тестілеу үшін арнайы викториналар жасау. Студенттерге жануарлар мен олардың ерекшеліктері туралы сұрақтар қойып, дұрыс жауаптарды таңдау ұсынылады.

- Жануарлардың классификациясы. Студенттерге жануарларды дұрыс классификациялауды талап ететін тапсырмалар беру. Мысалы, жануарларды сүтқоректілер, бауырымен жорғалаушылар, құстар т.б. бойынша бөлу.

- Жануарлардың тіршілік циклы. Тіршілік циклдері туралы сұрақтар мен тапсырмалар арқылы жануарлардың өмір сүру процестерін талдау.

4. WorldWall


WorldWall – бұл оқытушыларға тақырыптық интерактивті қабырға жасауға мүмкіндік беретін құрал. Студенттер әлем картасы, ребус, сөзжұмбақ, сәйкестендіру ойындары сияқты әртүрлі тапсырмалар арқылы білімін тексере алады.

Тапсырма идеялары:

- Зоологиялық сөзжұмбақ. Студенттер жануарлардың атаулары мен олардың сипаттамаларын табуы үшін зоологиялық сөзжұмбақты шешеді.
- Сәйкестендіру ойындары. Студенттерге жануарлар мен олардың тіршілік ортасын немесе кластарын сәйкестендіріп, дұрыс жауапты табу керек. Мысалы, "Жануарларды атап, олардың мекендеу орны бойынша топтастыру".
- Суретпен сәйкестендіру. Студенттер белгілі бір жануарлар суретін көріп, оның атауын дұрыс табуға тиіс.

Қосымша тапсырмалар:

- Мультимедиялық жобалар. Студенттерге белгілі бір жануар туралы мультимедиялық презентация жасап, оның өмір сүру салты, экологиялық маңызы және басқа да қызықты деректерді көрсетуге тапсырма берілуі мүмкін.
- Топтық зерттеу жобалары. Студенттерді топтарға бөліп, әр топқа зоологияның әртүрлі саласынан тақырып беріп, сол тақырыпта зерттеу жүргізуге тапсырма беру. Әр топ өз зерттеу нәтижелерін онлайн платформада (мысалы, GoogleSlides немесе PowerPoint) қорғайды.



Сурет 1. Платформадағы жұмыс барысы

Зерттеуді түйіндей келе, біз мынадай аң-құс атауларын анықтадық:

Кесте 3. Зоологиялық атаулар

№	Жалпы атауы	Аталық	Аналық	Төлі
1	Құлан	Айғыр	Қашыр	Қодық
2	Арқар	Құлжа	Арқар	Қозыға
3	Бұғы	Сұғын	Марал	Қодыға
4	Бұлан	Қандағай		
5	Бөкен	Андағай		
6	Ақбөкен	Сайғақ, құлтеке	Ақбөкен	Құралай, қорықпас
7	Елік	Күлміз	Сөге, телкі	Еңілік
8	Киік	Теке киік		Құралай

9	Аю	Мақат, істі, мәнжу	Кірекей, мердек	Қонжық, апанақ
10	Арыстан	Ызақор, сырттан	Қаншыр	Теңбілше, абадан
11	Жолбарыс	Шері	Өлекшін	Сарымақ, шөнжік
12	Барыс, ілбіс	Барыс	Таутан	алан
13	Қабылан			Алан
14	Қасқыр	Арлан, абадан	Қаншық, өлекшін, құртқа, шұлан	белтірік
15	Түлкі	Түлкі	Мыршық, қаншық, қанжыр, жәутік	Жаутан, мыртот, түлкішек
16	Піл		Мауыр	
17	Сілеусін	Сілеусін	Ілбиін	Інсін
18	Борсық	Борақ		Өзборақ, бодық
19	Жылан	Жыланбаб	Мәлике	Жіптей, иірше
20	Есек	Әңгі	Мәші	Күре, қодық, тақай, көдек, қарбаша
21	Ит	Сырттан	Қаншық	Күшік
22	Мысық	Күбік	Мырсын	Мәулен, шаған, соқыр, безек, марғау
23	Бүркіт		Ұябасар	
24	Қыран	Шәулі	Саржа	
25	Аққу	Саһар, сақау	Қу	Көгілдір
26	Қаз	Атақаз		Мамыр
27	Үйрек	Кежек	Мекиен	Шүрегей
28	Тауық	Қораз, әтеш	тауық	Шөже, шіби

Зерттеу барысында, жан-жануарлар, құстардың қалай үн қататындарын да анықтадық.

Зерттеуді жүйелей келе, біз қосымша құрал құрастырдық. Құралда аң-құстар туралы қызықты деректер жинақталып, суреттері берілді. Бұл студенттердің танымдық қызығушылығын арттыруға мүмкіндік береді.

Қорытынды

Сонымен, зоологиялық атаулардың қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында алатын орны ерекше. Олар тек тілдік білімді кеңейтіп қана қоймай, студенттердің ғылыми дүниетанымын, экологиялық сауаттылығын дамытуға мүмкіндік береді. Инновациялық әдістер мен технологияларды қолдану арқылы зоологиялық атауларды оқытудың тиімділігін арттыруға болады. Осылайша, қазақ тілінің байлығын түсіну және табиғатқа деген құрметті тәрбиелеу мақсатында зоологиялық атауларды оқыту әдістері студенттердің білім сапасын көтеруге және олардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға ықпал етеді.

Ұсыныстар:

1. Қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында зоологиялық атауларды оқытуды басқа пәндермен де біріктіретін интеграциялық тәсілдерді қолдану;
2. Виртуалды экскурсиялар, электронды оқулықтар және оқу видеолары арқылы жануарлар әлемін көрсету;
3. Зоологиялық атауларды оқытудың бір бағыты ретінде олардың қазақ мәдениеті мен фольклорындағы орнын көрсету;

4. Зоологиялық атаулардың қазақ тілінде дұрыс және бірізді қолданылуын қамтамасыз ету.

Сонымен, әрбір аң-құс атауларының аталығы, аналығы, төлі немесе балапанының атаулары біздің тілімізде де бар екендігін ғылыми дереккөздер арқылы дәлелдедік.

Аң-құстарға қатысты ана тілімізде ертеден қалыптасқан атауларды орнымен дұрыс қолданып, тілге деген құрметімізді көрсете білейік, әрі ондай ұлттық рухани құндылықтарымызды кейінгі ұрпақтарымызға дұрыс бере білуге ұмтылайық!

Әдебиеттер тізімі:

1. Кейкін Ж. Қазақы атаулар мен байламдар. - Алматы, 2006. – 456 б.
2. Керімбай С., Нәби Ә., Нұрқабекұлы С., Төлеген М. Экософия немесе киелі табиғат. - Алматы, 2022. - 208 б.
3. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. - Алматы, 2008. – 968 б.
4. Ковшарь А.Ф., Ковшарь В.А. Қазақстандағы жануарлар әлемі. - Алматы, 2004. – 128 б.
5. Ковшарь А.Ф. Қазақстан қызыл кітабы. - Алматы, 2004. – 128 б.

References:

1. Sometimes J. Kazakh names and bandages. - Almaty, 2006. – 456 p.
2. Kerimbay S, Nabi A., Nurkabayuly S, Tolegen M. Ecosophia or sacred nature. - Almaty, 2022. – 208 p.
3. Explanatory Dictionary of the Kazakh Language. - Almaty, 2008. – 968 p.
4. Kovshar A.F., Kovshar V.A. Animal world in Kazakhstan. - Almaty, 2004. – 128 p.
5. Kovshar A.F. Red Book of Kazakhstan. - Almaty, 2004. – 128 p.

Information about the authors:

Kudykenova Z.M. – corresponding author, teacher of Kazakh language and literature, Expert educator, Master of Humanities, M. Zhumabayev Higher College, Kazakhstan, e-mail: zhuldus.kz@mail.ru;

Omarova B.S. – teacher of Kazakh language and literature, Master of Philological Sciences, M. Zhumabayev Higher College, Kazakhstan, e-mail: omarova_baglan@mail.ru.